

№ 1577 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 9 шілдедегі № 548 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 8 мамырдағы № 266 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 7 маусымда тіркеді. Тіркеу № 2893. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 11 мамырдағы № 204 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.05.11 № 204 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 1118 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 25 наурыздағы № 247 бұйрығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдауды ұйымдастырудың сапасын арттыру мақсатында бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 9 шілдедегі № 548 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 1577 болып тіркелген, 2001 жылғы тамыз айындағы № 27 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және де өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 11 маусымдағы № 411 бұйрығымен өзгеріс пен толықтыру енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 1916 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелерінде:

1) 2-тармақта "жалпы орта, орта кәсіптік білімі" деген сөздер "жалпы орта, кәсіптік бастауыш, орта кәсіптік және кәсіптік жоғары білімі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 3 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "психологиялық" деген сөз "психофизиологиялық" деген сөзбен ауыстырылсын ;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"екінші кезеңде Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жоғары оқу орындары ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі - ҰБТ) немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандартының ұлттық орталығы (бұдан әрі - ББТМСҰО) дайындаған технологиялар бойынша өткізілетін кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша берілген мемлекеттік сертификат баллдарына сәйкес іріктеу жүргізеді;"

3) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен келісілген мерзімдерде медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық көрсетулері бойынша талапкерлерді іріктеуді жүзеге асырады. Кешенді тестілеу, мемлекеттік сертификат баллдарына сәйкес іріктеу, жоғары оқу орындарының тыңдаушылары қатарына қабылдау Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүргізіледі , олар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жоғары оқу орындарына түсуші талапкерлер, бірінші осы жоғары оқу орнында даярланатын мамандықты, екінші - Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерінің 3-қосымшасы бойынша мамандықты көрсетеді.";

4) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Ішкіісмині жоғары оқу орнына түсуші жалпы білім беретін мектептердің өткен жылдардағы бітірушілері, кәсіптік орта оқу орындарының бітірушілері, шет елдерде оқушыларды халықаралық алмасу саласы бойынша оқыған жалпы білім беретін мектептердің бітірушілері, ҰБТ-ға қатыспаған жалпы білім беретін орта мектептерді өзбек, ұйғыр, және тәжік тілдерінде аяқтаған бітірушілер кешенді тестілеуді ЖОО-ның орналасқан жері бойынша тапсырады . " ;

5) 7 - ш і тармақта :

екінші абзацта "N 021600 "Заңтану" деген сөздер "N 050303 "Құқық қорғау қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын";

үшінші абзацта "жалпы тарих" деген сөздер "дүниежүзі тарихы" деген

сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;
жетінші абзацта "жалпы тарих" деген сөздер "дүниежүзі тарихы" деген
сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"10. Дұрыс жауаптардың кодтары тестілеуден кейін өткізілетін жауап
парақтарын сканерлеу аяқталғаннан кейін бірден ілінеді.";

7) 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"11. Мемлекеттік сертификаттарды алу үшін өткізілген кешенді тестілеу
нәтижелерін өңірлік комиссия тест сынағы өткізілген күні жариялайды. Өңірлік
комиссияның дербес құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің
б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л е д і . " ;

8) 13-тармақтағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Апелляцияға өтініш өңірлік комиссия төрағасы бекітетін апелляциялық
комиссияға тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13-ке
дейін беріледі және апелляциялық комиссия оны бір тәуліктің ішінде қарайды.
Алған бағаларды өзгерту өңірлік комиссияның дәлелді шешімімен жүргізілуі
т и і с . " ;

9) 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"14. Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің жоғары оқу орындарына оқуға
қабылдау мандат комиссиясының ашық отырысында мемлекеттік сертификат
баллдарына сәйкес, медициналық, дене бітімі, психофизиологиялық
көрсеткіштер бойынша іріктеу нәтижелерін және Ішкі істер министрлігіне, Ішкі
істер бас басқармаларына, Ішкі істер басқармаларына, Көліктегі ішкі істер
басқармаларына бөлінген қабылдау орындарын ескере отырып, конкурс
б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і . " ;

10) 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"16. Мемлекеттік сертификаттар баллдарының көрсеткіштері бірдей болған
ж а ғ д а й д а :

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан немесе мүгедек болған ішкі
істер органдары қызметкерлерінің балалары;
жалпы білім беретін орта мектепті үздік аттестатпен немесе кәсіптік
бастауыш, орта кәсіптік оқу орындарын үздік дипломмен бітіргендер;
аттестат немесе дипломның ең жоғары орта баллы бар адамдар;

